

"Тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың алдағы көтерілуі туралы реттеуші органға хабарлау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 29 тамыздағы N 232 -НҚ бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2009 жылғы 12 наурыздағы N 91-НҚ Бұйрығы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың алдағы көтерілуі туралы реттеуші органға хабарлау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 29 тамыздағы N 232 -НҚ бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаментіне (Е.О. Есіркепов):

1) оны бұқаралық ақпарат құралдарында белгіленген тәртіппен ресми жариялауды қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Қ.М. Смағұловқа жүктелсін .

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға *Н. Алдабергенов*